



## БҰЙРЫҚ

## ПРИКАЗ

01.11.2023 № 96

Жантеке ауылы  
«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы»  
жұмысын ұйымдастыру,  
қызметін жүзеге асыру туралы

село Жантеке

«Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің төрағалығымен өткен кеңес 2023 жылғы 4 қыркүйектегі № 28 хаттамасының 2.4 тармағын, «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу- тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатын, облыстық білім басқармасының 06-01/5296 шығыс хатын басшылыққа ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023-2024 оқу жылында мектепте «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жұмысы ұйымдастырылсын.
2. Төмендегі функционалды міндеттермен қоса мектептің ішкі тәртібіне өзгерістер енгізіп, бекітілсін:
  - Орталық қызметіне басшылық жасау және бақылау мектеп директорына жүктелсін;
  - Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына: ата-аналар, білім алушылар мен педагогтердің мониторингке қатысуын қамтамасыз ету; Орталық қызметі туралы ақпаратты жоғары уәкілетті органдарға уақытылы жеткізу жүктелсін ;
  - Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасарына: Орталық қызметін ұйымдастыруда оқу кабинеттерін сынып жетекшілерге бекіту, ата-аналармен сабақ өтуі үшін қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету, техникалық қызметкерлердің жауапкершілігін күшейту, сабақ өтуі барысында санитарлық-гигиеналық талаптар мен мектепке бөгде адамдардың кірмеуін қамтамасыз ету жүктелсін;
  - Мектеп кітапханашысына: сынып жетекшілерге ата-аналармен сабақ өтуге қажетті әдебиеттермен қамтамасыз ету жүктелсін.
3. Шығармашыл педагогтер арасынан Орталық қызметін қамтамасыз ететін жұмыс тобы құрылып, құрамы бекітілсін.
4. 2023-2024 оқу жылына ата-аналарға сабақ беру бағдарламасының әзірлемесі құрастырылып, контенттің мазмұны сапалы құрылсын, педагогикалық кеңес отырысында ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмыс жоспары бекітілсін.
5. Орталық жұмысы мектептің тәрбие жоспарына «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» қызметі негізінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттесуі» жаңа бағытын енгізу мектеп директорының тәрбие жөніндегі орынбасары А.Кенжибаеваға жүктелсін.
6. Орталық қызметін мектепішілік бақылауға алу, мектепішілік бақылау жоспарының бөліміне, тармағына өзгерістер енгізу мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Ж.Қошқарбаевқа жүктелсін.
7. Сынып жетекшілерге ата-аналарға арналған сабақ бағдарламасының әзірлемесін құрастыруға әдістемелік қолдау көрсету және ата-аналарға тренинг сабақтар өткізу мектеп психологі Ж.Смагуловаға жүктелсін.

000083



8. Орталықтың жұмысының мақсаты мен міндеттері туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу, ата-аналардың қатысуын қамтамасыз ету, ата-аналар жиналыстарында Орталық жұмысының тәжірибесімен таныстыру сынып жетекшілерге және тәрбиешілерге жүктелсін.
9. Орталық қызметі туралы БАҚ мен әлеуметтік желілерде, мектеп сайтында атқарылған жұмыстарды насихаттау және жариялау мектеп тәлімгері Б.Бейсенбаеваға жүктелсін.
10. Бірлескен табысты тәжірибе таратылып, Орталық қызметіне мектептің өзін-өзі басқару ұйымы, қоғамдық ұйымдар мен мектептің Қамқоршылық кеңесі, әлеуметтік серіктестер мен демеушілерді тарту мектептің әлеуметтік педагогі А.Тынысбекке жүктелсін.
11. Ата-аналарды педагогикалық қолдау мақсатында бекітілген сабақ кестесі бойынша белгіленген тақырыптар негізінде ата-аналармен сабақ өткізу сынып жетекшілерге жүктелсін.
12. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуда ата-аналарды педагогикалық қолдау мақсатында бекітілген сабақ кестесі бойынша белгіленген тақырыптар негізінде ата-аналармен сабақ өткізу тәрбиешілерге жүктелсін.
13. Ата-аналарды педагогикалық қолдау мақсатында бекітілген сабақ кестесі бойынша ата-аналармен сабақ өткізу ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдау кабинетінің мамандарына жүктелсін.
14. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырылсын.



Мектеп директоры *Асанова* Қ.Асанова  
Бұйрықпен таныстық:

Қошқарбаев Ж.Қ. *[Signature]*  
 Кенжибаева А.Т. *[Signature]*  
 Смагулова Ж.Г. *[Signature]*  
 Бейсенбаева Б.К. *[Signature]*  
 Тынысбек А.Ж. *[Signature]*  
 Имашева Э.С. *[Signature]*  
 Балгожина Б.С. *[Signature]*  
 Тынысбекова Ж.Ж. *[Signature]*  
 Исин Қ.Т. *[Signature]*

Сынып жетекшілер:

1) Нурабаева Г.К. *[Signature]*  
 2) Нуржигитова Г.О. *[Signature]*  
 3) Ильасова Г.Н. *[Signature]*  
 4) Асанова М.А. *[Signature]*  
 5) Ищанова Г.М. *[Signature]*  
 6) Зурашев М.С. *[Signature]*  
 7) Мухаметжанова А.Б. *[Signature]*  
 8) Досымбекова Ж.Ш. *[Signature]*  
 9) Тажмаганбетова Ж.О. *[Signature]*  
 10) Ныгманова Ш.Е. *[Signature]*  
 11) Төлеубекова А.Н. *[Signature]*

Тәрбиешілер:

Нуртазина Г.С. *[Signature]*  
 Альжанова М.О. *[Signature]*  
 Ботажан А. *[Signature]*  
 Умирбекова Г.К. *[Signature]*